

**Қарасай ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 04 қыркүйектегі "Қарасай ауданы құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" № 9-791 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Алматы облысы Қарасай ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 19 қыркүйектегі № 9-1430 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 8-тармағына және "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Қарасай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарасай ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 04 қыркүйектегі "Қарасай ауданы құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылдың 16 қазанында № 3489 болып тіркелген, аудандық "Заман Жаршысы" газетінде 2016 жылдың 01 қаңтарында №1 (8171) жарияланған) № 9-791 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Мадияр Орынтайұлы Әмірғалиевке жүктелсін.

*Аудан әкімі*

*М. Бигелдиев*